

МӘТІННІҢ ЛЕКСИКА - ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ

*Утанова Айзада Күдайқұқызы,
филология ғылымдарының кандидаты*

Стильдік қабаттарға жасалынған талдау қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің көпшілігі ауызекі сөйлеу тіліне жататын фразеологизмдер екендігін айқындайды. Ғалым М.Серғалиев: «Тұрақты тіркестер - әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар - сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құралы. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасына қажетіне қарай қолданады» [1,67-б],- деп жазады. Тұрақты тіркестердің мағыналық реңкі болмысты қабылдаудың сезімдік жағын қалыптастырады.

Жазушының сөз таңдауын немесе жазушы әңгімелерінің лексика – фразеологиялық бітімін талдағанда, алдымен, суреткер шеберлігіне, даралық (өзіндік) мәнеріне тән сипаттарға назар аударылады.

Белгілі тілші ғалым, академик Р.Сыздық - стиль және стилистика саласында көп жұмыстар атқарған танымал зерттеуші. Ұлы ақын Абайдың сөз өрнегін талдап, тану мақсатында дүниеге келген «Абайдың өлең өрімі» атты зерттеу еңбегі мен кейінгі «Сөз күдіреті» атты кітаптары ақын, жазушылардың даралық мәнері мен көркем шығармалардағы стиль қалыптастыратын тілдік құралдардың қызметін тарқатуға арналған. Соңғы еңбекте Абайдай алыпты күллі әлемге паш еткен аса көрнекті жазушы М.Әуезовтің қаламгерлік шеберлігін айқындайтын амал-тәсілдердің түрлеріне жан-жақты тоқталады.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов табиғат суретін беруде (М.Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелерінің дені жаз, қыс, күз, ертеңгілік, кешкілік кездеріндегі табиғатты әссм суреттеуден басталады), кейіпкелер портретін көрсетуде, оқиға барысын баяндауда, қысқасы, осылардың баршасы үшін қазақ тілінің сөздік қоймасын кеңінен атқарады. Кез-келген қазақтың аузына түсе бермейтін сөздерді түсінікті етіп (контекст арқылы), орнымен жұмсайды. Мысалы, *қадаулы қоналқылық, бие байлау науқаны, тау ішінің ықтыратыны жоқ, ысқаяқ, қалың қарағайды құндыздап жүру, Көксеректің сайды жсалбылап қашуы...* тәрізді сөздерді жазушы қолдан жасамаған, олар тіліміздің мол сөздік қазынасының төл дүниелері екені даусыз, соларды қаламгерлікті жаңадан бастаған жас жазушы жалықпай ізденіп, таңдап, талғап жұмсаған. Дегенмен, көркем сөз шебері суреттеп отырған құбылысты, оқиганы, адамдарды дәл атау үшін кей-кейде өзі де

жаңа сөз ойлап табуға тырысады. Мысалы, қазақ халқы бұрын қолдан отырызылған қалалық бақ (парк) дегендерді білмеген, сондықтан сол бақта жүретіндердің орныққан атаулары да жоқ. Мұқаң бұларды «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесінде *сейілішілер* деп атайды. Сол сияқты жазылғанның үстіне өз пікірін білдіре салатын қысқаша жазудың (орысша «приписка») да қазақша бұрын арнайы аталуы болмаған, осыны Мұхтар Әуезов *түртінд і* (түрте салған, жаза салған) деп береді. «Мейірхан Жұмағұлдың кішкене хатының (бұл да «записка» дегеннің баламасы ретінде әр тұста әр түрлі аталып келген варианттардың бірі) үстіне «Бармаймын, тойың құрсын!» деп қысқа түртіндісін қондыра салып, отырып қалды («Оқыған азамат»).

Өзі жасамағанмен, қыдырмашы (ауыл-ауылдардан келген бөтен қыдырмашылар жоқ – «Оқыған азамат»), соғымшы сияқты сөздер де жаңадай сезіледі. Осы жерде бір нәрсені ескертуге болады. Ол - қай жазушының болмасын көркем шығармаларында жасанды сөздерді кемдекем ұсынатындығы. Мұның, сірә, бірнеше себептері болу керек. Алдымен, зәрулік (ғылыми терминдер жасаудағы сияқты) онша зор болмайды, екіншіден, жаңа ұғымды, соны танымдарды көркем шығармада бір сөзбен атамай-ақ, суреттеп (аналитикалық тәсілмен) беруге болады, суреттеме атау әрі түсінікті, әрі әсерлі, бояулы болып шығады. Үшіншіден, жаңа тұлға өзінің бейтаныстығымен, жасандылығымен көркем тігіске жатық түспей, шырқын бұзып тұруы мүмкін. Сондықтан жазушының қай-қайсысында да өзі жасаған жаңа сөздерді жүздеп емес, бес - ондап қана саналады. Ал Мұхтар Әуезовтей сөз қазынасын түгел игерген, әрбір сөзге ерекше мән бере білген, әр нәрсені атауға, суреттеуге, баяндауға келгенде, тілді икемдей алған қас шебер жасандылыққа көп бармаған.

Тілді икемдей білу дегенде (бұлда«сөз таңдау»-дың бір амалы М.Әуезов әңгімелерінде көзге түсетін даралық (индивидуалдық) мәнердің бірі мағыналас (синоним), кейде тіпті тақырыптас сөздерді қосарлап келтіру. Мысалы, 1920-жылдардағы әңгіме-повестер тілінен *әбігер – машақат*, *ауыл-аудан, күлісіп-сыңқылдасып* сияқты сөз жұптарын кездестіреміз. Бұл тәсіл сөз экспрессиясын күшейте түсу үшін де, жинақтап атау үшін де, қысқасы, көркемдік үшін ұтымды келеді. Жазушы осыны жақсы сезген. Бұл амалды Мұхаң кейінгі көркем туындыларында да, «Абай жолы» эпопеясында да, тіпті публицистикасында да, мольнан қолданған. Мәндес сөздерді, синонимдерді қосарлап жұмсауға Ғабит Мүсірепов те еркін барғанын, қазақ әдеби тілінде мұның көріктеу амалының біріне айналғанын айтуға болады.

«Сөз таңдаудың» үлкен саласына өмір шындығын, атап айтқанда, қазақ халқының ұлттық болмысын шынайы көрсетуде этнографизмдер деп аталатын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты сөздер мен тіркестерді дұрыс танып, дәл тауып қолдану жатады. Белгілі ғалым

Е.Жанпейісов еңбектерінде негізінен М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы тілінде орын алған этнографиялық сөздерді, көне сөздер мен бұл күнде сирек қолданылатын сөздерді (алғашқы кітапта сондай-ақ шығыс тілдері мен орыс тілі сөздерін) талдап, олардың беретін мағынасын, шыққан түп-төркінін көрсетеді. Бұл лексикалық этимологиялық ізденістер көп мәліметтер береді. Жазушының сөз қазынасын игеруге көмектеседі, сөз қолданыстағы шеберлігін тануға септігін тигізеді, сөз таңдау принциптерін айқындауға жол ашады.

Ал этнографизмдерді іздеп, таңдап, талғап жұмсауды М.Әуезов «Абай жолынан» да бұрын бастаған. Жазушы «Абай жайын зерттеушілерге» деген 1940 жылы (яғни әлі «Абай жолы» эпопеясы толық дүниеге келмеген кездің өзінде) жазған макаласында «белгілі бір заманды дұрыс әңгімелеу үшін зерттеушілерге (біздіңше, жазушыларға да) өзгеше бағалы, өзі соны және үлкен ғылымдық, тарихтық қасиеті зор бір алуан істер бар» дегенінде, сол істердің бірі етіп этнографияға қатысты салт-дәстүр, ырым-рәсім атауларынан бастап, «ер-тұрман, қару-сайман, жылқының таңбасы, қойдың ені, үй-ішінің ою-кестесі» атауларын білу қажеттігін ескертеді, осыларды дұрыс құрастырсақ, заманды, айталық Абай заманын «көп сынық айнаны жамап барып, танығандай, дұрысырақ таныр ек», - дейді. Осы айтқанын әлі балаң жас жазушылық кезінен бастап ұстанған. 1920-жылдардағы әңгімелерінде *құдалық сөйлесу (құда түсу), бас түйіскен тәтті құда болу, қарғыбау беру, қара шаңырақтың құруы, өлген адамның орнын сақтау, өлгеннің аруағы ырза болу, мойнына бұршағын салу, ақсарбас айту, ішінен шұірана қылу, сүйек жаңғырту* деген тәрізді этнографизмдерді (сөздер мен тіркестерді) таңдап-тауып орнымен әдемі жұмсаған. Өйткені бұл әңгімелердің көбінде қазақ қауымының бұрынырақ өткен кезеңдері суреттеледі.

Этнографиялық жеке зат, құбылыс, іс-әрекет, сын-сипат атауларын беруде жас жазушы Мұхтар Әуезов өте ұқыптылық пен ізденімпаздық дамытқан және мұны көркем шығарма шарттарының бірі деп ұққан. Мәтіндегі тұрмыстық қолданыстағы сөздермен келетін атаулардың мән-мағынасын, түп-төркінін, жұмсалатын орындарын, сол шығармадағы стильдік қызметін көрсету - ізденістің үлкен бір тармағы болады, өйткені этнографизмдер көркем шығармада образ үшін де жиі жұмсалатыны белгілі.

Сөз қолданыс – жазушы шеберлігінің айнасы. Бұл орайда әңгіме желісі болатын шеберлік тұстары әр алуан болып келеді. Солардың бірі - шығармада айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын сөздерді қолдану. Мысалы, «Қорғансыздың күні» әңгімесінде трагедиялық оқиғаға себепкер болатын Ж-ның болысы Ақан мырза мен оның атшабары Қалтай жолаушылап келе жатқан жыл мезгілін, күн райын суреттеу үстінде

жазушы *қызыл* (қып-қызыл, қызғылт) деген сын есімді бір абзацта сөйлем сайын келтіреді.

«Январь айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің *қызғылт* сәулесімен нұрланып, *қызыл* торығының түсіндей болып кетті. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей *қып* – *қызыл*. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң *қызылға* боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана ала шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың бауырында ғана ызғырықтап, жаңадан жауған көбік қарды жаяу борасындатып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіркізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді. (М.Әуезов шығармалары. 1 том. 1967. - 31,32-беттер).

Жазушының осы бір үзіндісіне ой салып оқысақ, *қызыл* сөзінің бірнеше бояу реңінде қолданылғанын, жай ғана суреттеу үшін жазылмай, тағы бір ойға жетелейтінін аңғарамыз. Міне, күннің сәулесі де *қызғылт*, күнбатыс жақ ұқсаған торғын да *қызыл*, бұлттар да *қып-қызыл*, нұр да *қызылға* боялған, ұсақ қар да *қызғылттанып* көрінеді. Әдетте қызыл сөзі не шатшадыман, салтанатты күйдің символы, не кан құшқан трагедияның жаршысы болып қолданылады. Бұл карама-қарсы мәнділік көркем шығармада стильдік қызмет атқарады. М.Әуезов *қызыл* деген сөзді аталған әңгімеде баяндалатын трагедияның негізгі ой ұстаушысы етіп ұстанған. Ғазизадай 13 жасар қыз бала қызыл гүл болса, ол – уыз жастықтың, пәктіктің символы, ал үзіндідегі *қызыл* – дар кәтігездікті көздеп тұр. Бұл *қызыл*-ға ала шұбар бұлттар перде бола алмайды, яғни Ақан мырза «тыста болған әңгіменің немен тынарын білмей, біресе күдіктеніп қорқып, біресе азын-аулақ өкінгендей болып, тынышсызданып, қорғалақтап» жатады. Демек, қызылға – ға перде бола алмай қалған ала шұбар деген түс те символ, ол – «азын – аулақ өкініштің символы».

Жазушы бұл тәсілді «Қаралы сұлу» повесінде де пайдаланған. Шығарма атының өзі *қара* түбірлі сөзбен келген, тіпті бас кейіпкердің есімі Қарагөзде де *қара* сөзі бар. Осы түс атауы және онымен түбірлес *қараңғы*, *қараңғылық* сөздері шығарманың өн бойында әр алуан затты, сәтті суреттеп қайталап келіп отырады...

«Қаралы күй Қаракөз өмірінің қалпы болған... Қаракөздің *қаралы* жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Қарагөзді *қаралы* қылып, қаңғыртып кеткен... Күздің айсыз қараңғы түнінде түн қатып жүрген жолаушы ұзақ *қараңғылыққа* қалай мойындап бағынса...». Мұнда *қара* сөзі *қара* бұлт деген тіркесте келіп, «трагедия»

деген ауыспалы мағынада жұмсалады. Мұнда күн де, қаралы: *қаралы күндер, қаралы туи.*

Сондай-ақ *қаралы* тор, **қара** жылан, дегенде де қара сөзі образ үшін келіп, бірі кейіпкердің күйі, екіншісі бойын билеген нәпсі сезімін атайды: *қаралы тор тұтқыны.. қара жылан* (Қарагөз бұл сезіміне осындай ат қойған) дүниесі қарауытып, айналып бара жатқандай болды. Жар құшағын аңсаған жас әйелдің сезімін де автор *қараңғылық* деп бейнелеп атайды: «Төсекке жатысымен, қараңғылық қайта айналды. Құмарлықтың өзі жай сезілмейді, қарауытып шығып, жүз толқытады». Бұл повесте қара сөзін әдейі жеке-даралап алуды мақсат еткен жазушы оның фонына көк (көк шалғын, ашық көк аспан), ақ (ақ денесі) сияқты түс атауларын да келтіреді. Бір шығарма мәтінінде немесе оның абзац сияқты бөліктерінде тақырыптас, мағыналас, модальдық реңктес сөздерді қолдану – көркем әдебиет тілінің бір белгісі. Сондықтан «Қаралы сұлудың» өн бойында қаралы күйге үндес сөздердің келуі орынды, әрі әсерлі.

Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған, жүдеу жылдар.. Маңайынан тұлдыр, құлазыған жалғыздық.. қайғылы сұлу.. қайғылы түйін, қаралы күңгірт көңіл.. Мұндағы суық, қуарған, жүдеу, тұлдыр, құлазыған, қайғылы, күңгірт сияқты сын есімдер де повесть оқиғасын суреттеп тұрған **қара, қаралы, қараңғылық** сөздерінің жалпы модальдық бояуына үндеседі. Жазушы «Қорғансыздың күнінде» де **қара** сөзін (және одан туындаған сөздерді) бір абзацта шоғырлап келтіріп, оларға стильдік жүк артады: «Үйдің іші **қараңғы**. Бұрыш-бұрышында аяздаған қар, қабырғасы **қара** балшықпен сыланған кір. Төбесіне жапқан сырғауыл қарайған, түгел ыстан **қап-қара...**». Мұнда *қара* сын есімі - азаматы өлген, кедей үй-ішінің мекен жайының сыртқы картинасы ғана емес, аса жүдеу тұрмыс ахуалын, тіпті қорғансыздың күйін танытатын қосымша нышан. Әрине, бұл амал өте сирек ұшырасады, ол кез келген сәтте жұмсала бермейді, бұған оқиғаның немесе шығармада суреттелетін жеке бір ситуацияның оқырман сезіміне қатты әсер ететін, сол оқиғаның бір бояуына (тонына) жазушы ерекше екпін түсіре көрсеткісі келген мақсаты себепкер болады. Мұндайда көбінесе ақ, қара, сары, көк, сұр сияқты түс атауларына немесе кейбір сын есімдерге, кейде үстеулерге стильдік жүк артылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Серғалиев М.С. Көркем әдебиет тілі. Алматы. Мектеп, 1995.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы. Санат, 2000.
3. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы»эпопеясының тілі. Алматы. Ғылым, 1978.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы. Жазушы. 1984.
5. Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы. 1998.

Резюме

В этой статье рассматривается лексика фразеологическая форма текста. Каждый человек сам выбирает лексика- фразеологическую форму своих сочинении.

Özet

Bu makalede yazar, metnin kelime hazinesini zenginleştiren deyim ve tabirlerin yapısını inceleyerek, sabit kelime gruplarının semantik yapısının algılanmasının duygusallığı meydana getirdiğinden bahsetmektedir. Bununla birlikte, yazarın kelime seçiminin veya yazar hikâyesinin söz varlığı, deyimleri seçtiğinde, öncelikle, ressam ustalığı gibi canlandırması ve kendine has üslûbu oluşunun özellikleri ele alınmaktadır.

Resume

This article has looking lexis and phraseological form topics. Every writer self choose lexis- phraseological form his composition.

Қазақ тілі өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді қысыл таяң қатал жағдайда қайран, еген «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл.

Бауыржан Момышұлы